

Д.М.Исмагулова^{1*}, Ү.Ш.Исмагулов², З.Ө.Ибадуллаева¹

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы

² Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы

*e-mail: dinara-muratovna@inbox.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ МЕН РИТУАЛДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ: ДӘСТҮРЛІ ИНСТИТУТТАРДЫҢ ЖАЛҒАСТЫҒЫ МЕН ЫДЫРАУЫ

Андатпа

Қазақ қоғамындағы ең бір маңызды орын алатын мәселелердің қатарында түрлі бағыттағы тойлар, оның ішінде үйлену тойлары жататындығы белгілі. Өткен ғасырлардағы үйлену тойларының қазақи салт-дәстүрлерге негізделгенін білеміз. Дегенмен уақыт өткен сайын осы мәселе қоғам дамуы барысында өзгерістерге ұшырап отыруы заңдылық. Мақалада қазіргі қазақ қоғамындағы үйлену тойының әлеуметтік маңызы мен ритуалдық құрылымына қатысты дәстүрлі институттардың (құдалық, кәде, серттесу, бата, беташар және т.б.) сақталуы мен ыдырауы процестері талданады. Осы талдау арқылы той мәселесінің бұрынғы кездегі және одан кейінгі кездердегі айырмашылықтары, ерекшеліктері сараланады. Зерттеудің мақсаты-дәстүрлі үйлену рәсімінің өзгеруіне себеп болған себеп-салдарлық байланыстарды жан-жақты ашу, сонымен қатар оның өзгеруінің негізгі бағыттарын анықтау. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысында Қазақстан республикасының әр өңіріндегі ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік салт-дәстүрлері тарихи-салыстырмалы және құрылымдық-функционалдық тұрғыда қарастырылады. Кеңестік дәуірдегі және тәуелсіздік жылдарындағы өзгерістерге және оның себеп-салдарына назар аударылып, урбанизация, медиа мен діни факторлардың қазіргі заманғы той рәсімдеріне әсері негізделеді. Зерттеуде үйлену мәселесінің ежелгі ғұрыптарынан бастап, қазіргі замандағы неке сарайы мен мешіттердегі неке рәсіміне дейінгі уақыт аралығындағы құдалық, калың мал, бата, беташар сияқты дәстүрлі институттардың трансформациясы жан-жақты талданады.

Негізгі сөздер: Қазақ үйлену салт-дәстүрі, құдалық, дәстүр мен жанару, бата, беташар.

Кіріспе

Дәстүрлі қазақ қоғамында әдет-ғұрып, салт-дәстүрге қатысты мерекелік шаралар көптеп саналатындығы белгілі. Солардың ішінде жастардың бас қосуы, яғни үйлену тойларының өзіндік орны бар.

Қазақ қоғамында үйлену тойы ежелден маңызды әлеуметтік оқиға болып саналған. Өйткені, үйлену – бұл отбасылық өмірдің бастауы және жаңа ұрпақтың дүниеге келіп, адамдар арасындағы байланыстарды нығайтатын салт-дәстүрлі іс-шара. Ақиқатына келер болсақ үйлену, үй болу мәселесі мемлекеттік дәрежедегі үлкен стратегиялық мәнге ие мәселе болып табылады. Дәстүрлі қазақ тойында құдалықтан бастап келін түсіруге дейінгі бірнеше ғұрып кезеңі ғасырдан ғасырға жетіп отыр: «Қыз айту», «Құдалық», «Беташар», т.б. Бұл ғұрыптар арқылы жастардың отбасылық рөлімен бірге, қоғам арасындағы құрметі пен ынтымақ-бірліктері артатыны белгілі. Шындығында солай. Үйлену астарында тек жастардың мәңгілікке бас қосуы емес, тәлімдік, тәрбиелілік маңызы бар зор оқиға бар екендігі айқын. Дегенмен ХХ ғасырда, әсіресе ХХ ғасырдың ортасынан бастап әлеуметтік-мәдени өзгерістер салдарынан үйлену тойларының сыртқы көрінісі мен ішкі мазмұны едәуір өзгерді. Мысалы, кеңестік кезеңде бұрыннан қалыптасқан, әрекетте жүрген ғұрыптар жойылып, рәсімдер біршама өзгеріске ұшырады. Оған сол кездегі партия мен биліктің ұстанған идеологиясы мен саясаты ықпал еткендігі де жасырын емес.

Зерттеудің мақсаты қалыптасқан дәстүрлі үйлену тойын өткізудегі өзгерістердің мән-мазмұндары мен бағыттарының себеп-салдарын жан-жақты ашып көрсету болып табылады. Зерттеу мақсатына байланысты қолға алынған міндеттер, ол дәстүрлі үйлену тойының ұлттық ерекшеліктерін, оның тәлімдік мәселелерін, кеңестік кезеңдегі және қазіргі таңдағы өзгерістердің ерекшеліктерін талдау болып табылады.

Бүгінгі таңда урбанизация, ақпараттық медиа мәдениет және ұлттық дін жаңғыруының әсерімен той формасы әртараптануда. Сондықтан осы жұмыс барысында той рәсімдеріндегі дәстүрлі институттардың сақталуы мен ыдырауы, сонымен қатар олардың аймақтық және тарихи тұрғыда өзгеруі қарастырылды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында кеңестік кезең мен тәуелсіздік жылдарындағы өзгерістерді көрсетуге арналған еңбектерді талдауға көңіл аударылды. Мақалада тарихи-этнографиялық еңбектер, кеңес дәуіріндегі мұрағаттық деректер және қазіргі этнографиялық материалдар пайдаланылды. Х. Аргынбаевтың «Кеңестік этнография» энциклопедиясында жарық көрген архивтік материалдар мен әдебиеттер негізінде жазылған «Қазақтардың үйлену тойы мен үйлену рәсімдері: өткені және қазіргі жағдайы» мақаласында 1966-1970 жылдары жүргізген дала зерттеулерінің нәтижелерін көрсетіледі[1]. Сондай-ақ ғалымның қазақ отбасына арналған арнайы зерттеу еңбегінде де біз қарастырып отырған мәселелер қозғалады[2].

Мәселеге қатысты еңбектер арасынан қазақ салт-дәстүрлеріне байланысты жинақты [3], Омбы облысы қазақтарының үйлену тойы дәстүрін көрсететін материалдарын [4], Г.Б.Хабижанованың[5], А.Ж.Муханның [6], Ж.Н.Шайкөзова мен А.И. Ибрагимовтың [7], А.Ахметқалидың[8], т.б. еңбектерін, сондай-ақ қазақ этнографиясына қатысты жинақты [9] айтып өтуге болады. Бұл еңбектерде қарастырып отырған мәселеге қажетті деректер мен материалдар көптеп кездеседі.

Зерттеу нәтижелері жинақтық түрде талданып, аймақтық, тарихи, әлеуметтік және діни факторлардың үйлену той салт-дәстүріне әсері жан-жақты қарастырылды.

Зерттеу жұмысына тарихи-салыстырмалық, этнографиялық әдіс-тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Қазақ тұрмысында үйленуге бастама беретін «құдалық» рәсімінің ерекше маңызды орны бар. Ұлдың ата-анасы қыздың ата-анасына бата сұрауға барады. Әдетте құдалыққа жігіттің әкесі басты, қалған жақын туыстары екінші рөлде қатысады. Ежелден келе жатқан ғұрып бойынша алғашында жігіт жақтан жіберілген «жаушы» қыздың ауылына барып, болашақ той уақыты мен қалың мал мөлшерін келіседі. Осы кезден бастап екі жақ келіспеушіліктерін реттеп, шама-шарқы бойынша сый-сияпат алысып, беріседі. Құдалық кезінде қалың мал ретінде жылқы, ірі қара және мата сияқты бағалы заттар әкелініп, құда-құдағилар әкесінен бата алып, мал сойылған соң тойға қатысушыларға беріледі. [2. – 28].

Бүгінгі таңда да кейбір ауылда құдалық рәсімі үш-төрт адаммен (әдетте жігіттің атасы немесе үлкен ағайыны) өтеді және сыйға киім-кешек пен қаржы, кейде ірі қара мал беру әдетке айналған.

Ал кеңестік кезеңде міндетті қалың малы талаптары жойылып, сатып алулар мен тыйымдар азайтылды [1. – 70].

Құдалық кезінде екі жақ қол алысып «сертіне тұру» рәсімі орындалып, оған ақсақалдар мен билер (немесе беделді туыстарының біреуі) куә болады. Бұл қазақтың ежелгі батасы – «серте тұру» деп аталған. Ол – тек екі жақтың ғана емес, елдік деңгейде де қолданылған қасиетті ғұрып, оның бұзылуы ауыр қарғыс алып келетін саналған.

Қазіргі әлеуметтік келісім мен сенімнің дәстүрлі формуласын сақтайтын осыған ұқсас рәсімдер бүгінде тек үлкендердің тілектері мен баталары арқылы ғана жалғасуда. Бата, дұға және тілек айту. Қазақтың «бата беру» дәстүрі өте терең тамырланған. Бұрын бата тек батагөй қариялардың ауызынан шығып, аман-саушылық, бақыт, бақ-береке тілеген [3. – 87].

Құдалық пен қыз ұзату рәсімінде үлкендер жас түлектерге батасын беріп, ақ тілек жазады. Мысалы, қыз ұзату кезінде үлкендер жас келінге бата беріп, оған рухани күш-қайрат нәсіп етіп, бақыт-береке тілеген. Бұл – қазақ дәстүріндегі тәрбиелік және этикалық мәні зор ғұрып. Осы үрдіске сәйкес, беташар кезінде де қалыңдыққа бата айтылады. Қазіргі кезде бата ұғымы кеңейіп, бұрынғы сияқты тек қариялар ғана емес, жастар мен әйел-қыздар да бір-біріне баталы тілектер айта бастады. Алайда бата табыстыру, батаға сый тарту сияқты салттар әлі де сақталып келе жатқандықтан, көптеген тойларда аталған рәсімдер абыройлы мағынамен жалғасуда.

Үйлену ғұрыптарының ең көрнекті бөлігі – беташар рәсімі. Бұл рәсімнен бұрын жас келінді ешкім көрмеген, ал беташар – жаңа түскен келінді жаңа әулетке таныстыру рәсімі болып табылған. Қонаққа келген жақын апа, жеңгелер келген келінге орамал жауып, «беташар өлеңі» айтылатын. Осы шырқалатын жырда жас келінге келген әулетімен таныстырылып, келін олардың

эрқайсысымен сәлемдеседі. Осы кезде әже-аналар мен жасы үлкендер келіннің бетін ашқан адамға сыйлық тағайындайды (мысалы, асыл мата, қой немесе т.б.). Беташар рәсімінің мәні – жаңа келінді жаңа әулетінің мүшелеріне таныстыру, сондай-ақ оның жаңа отбасындағы рөлін түсіндіру [3. – 45].

Кеңес дәуірінде беташар ғұрпына біршама азайғанмен, тәуелсіздік жылдары кейбір аймақта қайта жаңғырды. Мысалы, кейбір ауылдарда қазіргі кездегі үйлену тойында да беташар шымылдығын құру немесе «жар-жар» айту дәстүрі қайта қалпына келтірілгені байқалады.

Этнографиялық зерттеулер көрсеткендей, қазақ үйлену тойы рәсімдері өңірге қарай өзгеріп отырады. Мысалы, Шығыс Қазақстанның Алтай аймағында солтүстіктегі мен оңтүстіктегі той салттары арасында елеулі айырмашылықтар бар екені белгіленген [4. – 113]. Оңтүстік Алтайда құдалық рәсіміне қатты мән беріліп, ата-аналар арасындағы сөз байласу, қалың мал төлеу сынды дәстүрлер сақталған. Ал Солтүстік Алтайда XIX ғасырдың аяғында үйлену ғұрыптарының кейбірі қарапайымданып, бұрынғыдан өзгеріске ұшыраған, бірақ қалыңдықты алып қашу, жаңа отбасын құру секілді көне элементтер әлі де кездеседі. Солтүстіктегі қазақ қауымдастықтарында (мысалы, Омбы өңірі қазақтарында) қыз ұзату мен қалың мал институты оңтүстік өңірлерге қарағанда әлдеқайда өзгергені байқалады, яғни мұнда қалыңмал институты толық дерлік жойылған десек болады [5]. Жалпы айтқанда, той рәсімдерінің құрамдас бөлшектері өңірге сай ерекшеленіп, әр топтың әлеуметтік-психологиялық дәстүрлеріне тәуелді түрде өтеді [6. – 13].

Кеңес өкіметі орнаған кезде қазақ үйлену тойларының көптеген дәстүрлеріне өзгерістер енді: бір ғұрыпқа өзгеріс енсе, екіншісіне тыйым салынды. Мысалы, кезінде «комсомолдық» азаматтық тойларда көптеген салт-дәстүрлер тыйым салынған түрде ықшамдалып өткізілді [7, 88]. Бұл тұста қалың мал төлеу, ұзату, бата секілді рәсімдердің мәні төмендей бастады. XX ғасырда ғалымдар қазақ тойы құрылысының өнегелі-рухани және тұрмыстық мәнін зерттей келе, осы кезеңде «жиі өзгеріс пен ескінің ығыстырылуы» байқалғанын айтқан [7. – 88].

Тәуелсіздік алған соң ұлттық салт-дәстүрлер қайта жандана бастады. Ендігі жерде тыйым салынған кей дәстүрлер мен ұмыт болып бара жатқан ғұрыптар қайта тойларда жүзеге аса бастады. Қазақ отбасы үшін маңызды саналатын үйлену тойының жоралғылары осылай қайта қалпына келтіріле бастады.

2025 жылдың басында Қазақстан қоғамдық даму институтының «Қазақ отбасыларындағы ұрпақаралық өзара іс-қимылдың ерекшеліктері» атты жүргізген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, қазіргі қазақ отбасылары некемен байланысты дәстүрлерді әлі де дәріптейді: сұралушылардың жартысынан көбі (55,3%) салт-дәстүрлер отбасының берік те бекем болуына ықпалы бар деп санайды [8]. Сонымен қатар, керісінше, бүгінгі таңда маңызы жойылған, мысалы, қыз алып қашу дәстүрін қолдаушылар саны азайып, респонденттердің 71%-ы мұны дұрыс көрмейтінін айтқан.

Осылайша, Кеңес дәуірінің солшыл саясаты салт-дәстүрдің сыртқы формасын үзіп-жарып тастағанымен, тәуелсіздік жылдарында ұлт рухына сай салттардың қайта жаңғырғанын байқаймыз. Бүгінгі таңда үйлену тойларына заманауи медиа мен жаһанданудың ықпалы байқалуда. Мысалы, кеңінен таралған қазақ тойларында ағылшын үлгісі сияқты ақ түсті көйлек кию мен сәнді костюмдер кию қалыпты құбылысқа айналған. Әлеуметтік желілер мен интернет платформалар жастарға өздерінің болашақ жұбайын тандауға мүмкіндік беріп, дәстүрлі құдаласу жағдайының рөлін қысқартты. Нәтижесінде енді көптеген жастар өздері әңгімелесіп үйленеді, ал құда болу көбіне ауылдық жерде ғана аздап ұшырасады.

Урбанизацияның ұлғаюы отбасылық құрылымға да өзгеріс енгізді: бұрынғыдай кеңейген отбасылар азайып, қалалық ортада ядролық (негізгі) шағын отбасылар жиірек кездеседі.

Отбасы болу институтына діннің де атқарар рөлі аса зор. Қазіргі Қазақстанда үйлену рәсімі үш түрлі формада өтеді: дәстүрлі құдалық жолымен некелесу, мемлекеттік ортада ресми тіркеу және мешіттегі діни некелесу. Бірақ мешіттегі некенің заңды түрде күшіне енуі үшін Азаматтық хал актілерін тіркеу органынан алынған неке куәлігі міндетті. Өйткені, қоғамда көп әйел алу үрдісі қайта жанданғанмен, ресми түрде оған рұқсат берілмегендіктен, ресми мемлекеттік заңды тіркеуді талап етеді. Жалпы, қазіргі жастар дәстүр мен жаңалық арасын ұқыпты үйлестіреді: олар жаңаша элементтерді (сандық технологиялар, импорттық тауарлар) тойларына қосып, сонымен бірге салт-дәстүрдің мәнін құрметтеуге тырысады.

Үйлену тойындағы басты ғұрыптардың маңыздылығы өзгеріске ұшырағанымен, олардың әлеуметтік мәні әлі де зор. Мәселен, беташар (келін бетін ашу) рәсімі дәстүрлі түрде тойдың

ажырамас бөлігі болып қалады, бірақ қазір оны көбіне кәсіби ақындар орындайтын сахналық көрініс ретінде өткізіледі [7.—16]. Бұл өзгеріс рәсімнің көркемдік мәнін күшейткенмен, оның әлеуметтік қызметі – келінді жаңа отбасымен таныстырып, ұлтымыздың ата-баба тәрбиесін жалғастыру міндетін әлі де атқарады.

Келін түсіру рәсімі бұрынғыдай үлкен жиындарда бата беру арқылы өткізіледі. Салт бойынша неке қою рәсімі өткен соң, туған-туыстар мен қонақтар тілек айтып, қонақтарға арнайы жайылған дастарқаннан дәм татады. [9. – 71]

Дәстүрлі бата-тілек элементі әлі сақталады, ол отау құрудағы ақыл-кеңес рөлін атқарады. Алайда кей дәстүрлердің әлеуметтік маңызы түбегейлі өзгерді. Қалыңмал енді отбасының қабілетіне сай болуы қажет деп есептейді. Осылайша, қазақ қоғамында үйлену ғұрыптары экономикалық-әлеуметтік өзгерістерге қарай бейімделіп, дәстүрлі құндылықтары сақталды: жаңғыртылған салттар отбасы мен туыстық байланыстарды нығайту, жастарға дәстүрлік тәрбиені беру сияқты маңызды әлеуметтік қызметтерді атқарып келеді.

Отау көтеру, үйленіп, үй болу – бүкіл ауыл қатысатын дәстүрлі ғұрып екенін көреміз. Осы рәсімде ауыл адамдары киіз үйдің шаңырағын көтеріп, жаңа отбасының негізі қаланғанын бейнелеген. Салт бойынша қалыңдық өз жасауын жаңа үйге әкеледі. Шаңырақты көтеру рәсімін ауылдағы ең құрметті қария атқарып, үйге алғаш кіргізетін адам ел сыйлаған, беделді әйел болған. Ол отқа май тамызып, үйдің босағасына ақ тілек айтып, бата береді. Құрметті ақсақал тойға арналған дастархан жайып, шашу шашып, қуаныш пен ізгі тілек білдіреді.

Сонымен қатар, ежелден жалғасып келе жатқан бірегей салттардың бірі – күйеу жігіт жақ туыстары жастарды «үй көрсету» рәсіміне шақыруы. Бұл дәстүрдің мақсаты – жас келіннің жаңа ортаға тез бейімделуіне, отбасы мүшелеріне сіңісіп кетуіне жағдай жасау. Осы кезеңде келіннің тәрбиесі, мінез-құлқы мен моральдық бейнесі бағаланып, оның инабатты да тәрбиелі келін болуға қаншалықты лайық екені сараланады. Келінге барлық туыс-туған мен үй ішіне иіліп сәлем салу міндеті жүктелген.

Жаңа келінге қаржылай қолдау көрсету мақсатында ел ішіндегі тәжірибелі, ақылшы аналар шашу дайындайды, бұл дәстүр өңір салу деп аталады. Белгіленген күні қалыңдық пен күйеу есік ашар рәсімі арқылы қалыңдықтың еліне келеді. Бұл күні қалыңдық тойдан кейін күйеуін алғаш көрген. Күйеу өзімен бірге арнайы сыйлықтар алып келіп, түрлі сынақтардан өтеді. Алайда, бұл кезең бастапқы үйлену рәсімдеріне қарағанда, еркін қарым-қатынасқа мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бүгінде дәстүрлі қыздың сыңсу рәсімінің тұтастығы бұзылған. Бейнесі сақталғанмен, мәні өзгерген. Мысалы, қыздың ән айтқан кездегі эмоционалдық күйі әлсіреген. Мұның себебі – ғұрыптың басты элементтерін қыздың өзі емес, басқа адамдар атқаруы мүмкін, ал қыздың өзі тек символдық рөлмен шектеліп, рәсімге шынайы эмоционалды қатыспауы. Осы тұста орындалатын әндердің мәні айқындалады. Сонымен қатар, тілектерді (немесе қазіргі ұғымдағы тосттарды) жеткізуге қатысты мәселелер де көтеріліп келеді.

Кейбір ақпарат берушілер дәстүрлі рәсімдердің толық орындалуына жастардың болашақ өмірі тәуелді екенін, ал бұл шарттарды сақтамау зиян келтіруі мүмкін екенін айтқан. Қазақтың дәстүрлі үйлену салты мен оған қатысты рәсімдердің мәні күрделі әрі қарама-қайшы: ол қыздың әке үйіндегі өмірімен қоштасуын және күйеу шаңырағында жаңа, бірақ тәуелді өмірді бастауы – әйел заты ретіндегі міндеттерге бейімделу мен ене мектебінен өту қажеттігін қамтиды.

Қазақ қоғамында үйлену тойы әлі күнге маңызды әлеуметтік ритуал ретінде сақталғанымен, оның символдық және әлеуметтік рөлі уақыт өте келе айтарлықтай өзгеріске ұшырағанын көріп отырмыз. Дәстүрлі қоғамда үйлену тойы ең алдымен екі әулет арасындағы одақ пен туыстық байланысты нығайтатын шара болса, қазір той көбіне жас жұбайлардың өз таңдауымен қосылуын атап өтетін жеке мереке сипатына ауысқанын байқадық. Яғни некенің негізі бұрынғыша туыстардың келісімімен емес, көбінесе жастардың өзара сүйіспеншілігіне негізделеді. Зерттеулер көрсеткендей, қазіргі қазақстандықтардың басым бөлігі отбасы құрудағы ең басты шарт – ерлі-зайыптылар арасындағы өзара махаббат пен сыйластық деп санайтынын жоғарыда атап өттік. Бұл дерек қазіргі тойлардың әлеуметтік мәні екі түрлі қырынан көрінетінін көрсетеді: бір жағынан, жастардың некеге тұруы жеке таңдау мен сезім еркіндігіне сай келеді; екінші жағынан, көпшілік үшін той дәстүрді дәріптеудің, отбасының беделін көрсетудің символдық аренасы болып қалуда. Қалай дегенмен де, үйлену тойы ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, әлеуметтік бірлік пен отбасылық құндылықтарды қоғамға әйгілейтін маңызды институт қызметін атқарып келеді.

Дегенмен қазіргі заманда тойдың символдық мәні бұрынғыдан кеңейіп, жаңаша сипат алды. Үйлену тойы тек екі жастың отау құруы ғана емес, көбіне отбасының әлеуметтік мәртебесін көрсететін мереке ретінде қабылданады. Әсіресе қала жағдайында және әлеуметтік желілер дәуірінде той арқылы отбасының абырой-беделін, қаржылық мүмкіндігін жария ететін үрдіс байқалады. Кейбір отбасылар үшін той – бақуаттылығын аңғартудың бір жолы; бұл ретте той көлемі мен сән-салтанаты әлеуметтік бәсекелестікке ұласуы да мүмкін. Мұндай жағдайда тойдың дәстүрлі мәні (әулеттерді жақындастыру, туыстардың батасын алу) екінші орынға ысырылып, оның қоғамдық көрінісі, көрсетілімдік қыры алдыңғы қатарға шығады. Сәйкесінше, қазіргі қазақ тойында байырғы ритуалдардың мазмұнына заманауи мағына үстеліп, олар жаңа символдарға ие болуда. Осылайша, қазіргі тойлардың рәміздік мәні жаңарғанымен, оның түпкі әлеуметтік қызметі – некені легитимдеу, жаңа отбасын көпшілікке таныстыру және қауымның қолдауына бөлеу – өзгеріссіз қалып отыр.

Нарықтық экономика мен тұтыну мәдениеті қазақтың үйлену тойын өткізу салтына айтарлықтай ықпал етті. 2000-жылдардың соңынан бастап (шамамен 2007 жылдан кейін) дәстүрлі ауылдық киіз үй тігіп той жасау үлгісінен жаппай мейрамханадағы тойларға көшу белең алды.

Жеке меншік тойханалар, қонақүйлер мен мейрамханаларда өтетін салтанаттар той индустриясының дамуына жол ашты. Бүгінде қала түтілі ауылдардың өзінде кәсіби тамада жүргізушілер, фото-видео түсіру топтары, сәндік безендіру қызметтері және арнайы сценариймен өтетін шоу-бағдарламалар тойдың ажырамас бөлігіне айналды. Той индустриясы тұтастай бір коммерциялық экожүйе қалыптастырып, оның айналасындағы экономикалық айналым жыл санап өсуде. Мысалы, қазақстандық тойлардың орташа бюджеті кей деректер бойынша қарапайым америкалық немесе еуропалық тойлардан әлдеқайда асып түсетіні айтылып жүр, бұл халықтың тойға ерекше мән беретінімен қатар, белгілі бір әлеуметтік қысымның да бар екенін аңғартады. Яғни, отбасының мерейі үстем болуы үшін мүмкіндігінше ауқымды, естен кетпес той жасау қалыпты саналып, нәтижесінде көптеген жанұялар шама-шарқынан тыс шығындануға мәжбүр болады.

Коммерциялану үрдісі дәстүрлі той элементтерін өзгеріске ұшыратып, оларға нарық заңдылықтарын бейімдеді. Біріншіден, той шығынының қомақты бөлігін құрайтын банкет мәзірі күрделеніп, аstatөк дастархан жаю бәсекесі пайда болды. 1990-жылдардағы қарапайым үй тағамдарының орнына қазір той дастарханында көптеген қымбат деликатестер мен сәнделген тәттілер молынан қойылады. Екіншіден, қалың мал мен жасау сияқты экономикалық дәстүрлер жаңа жағдайда қайта қаралды: бүгінгі күнде қалың мал беру көбінесе символикалық сипатта қалып, оның мөлшері отбасының қаржылық мүмкіндігіне сай келуі керек деп ұғылады. Ал жасау (қыздың еншісі) дәстүрі сақталғанмен, оның функциясы түбегейлі өзгерді: қазіргі жасау жас отбасыға берілетін бір реттік материалдық көмек, жаңа үйдің негізін қалауға ата-ана тарапынан көрсетілетін қолдау түрінде қабылданады. Осылайша, нарықтық қатынастар тойдың экономикалық жүгін ауырлатып жібергенімен, көпшілік дәстүрдің рухани жағын да ұмытпауға тырысады. Мысалы, тойдағы негізгі рәсімдер (құдалық, беташар, т.б.) өткізіледі, бірақ оларды жүзеге асыруда кәсібилендіру байқалады – арнайы қызмет көрсетушілер (беташар айтатын асаба-ақындар, дайын бата мәтіндері, шоу-элементтер) тартылады. Бұл бір жағынан салттың жалғасуын қамтамасыз етсе, екінші жағынан оның коммерциялық спектакльге айналу қаупін туғызады.

Той индустриясының өсуі қоғамда бірнеше мәселе алып келді. Ең алдымен, шектен тыс шығындану және даңғазалық сынға ұшырауда. Сауалнама нәтижелері халықтың едәуір бөлігі әдеттегі тойды өткізу үшін қарызға бататынын көрсетті: 2024 жылы жүргізілген зерттеуде респонденттердің 34%-ы түрлі жиын-тойды қарызсыз өткізе алмайтынын мойындаған. Дәстүрді сақтау мен отбасын асыраудың арасында дилемма туындап, көпшілік оған сын көзбен қарай бастаған. Қоғамның 60%-дан астамы шамадан тыс шашылып, кредит алып той жасауды құптамайды, тек әрбір үшінші респондент (35,7%) ғана мұндай әрекетке түсіністікпен қарайтынын білдірген. Осыған байланысты билік тарапынан да мәселе көтеріле бастады: кей көрші елдер үлгісінде Қазақстанда да жұртты ысырапшылдыққа бармауға шақыратын пікірлер айтылды. Мысалы, Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев 2018 жылы заң жүзінде той шығынын шектеуге тырысып, тойға келетін қонақ санын 150-ден асырмау, құдалық керуеніне қымбат көліктерді жұмылдырмау сияқты ережелер енгізбек болғаны белгілі. Мұндай қадамдардың туындауы той индустриясының дәстүрден гөрі бәсеке мен қаржы құралына айналып бара жатқанын көрсетеді. Дегенмен, қазақ қоғамында бірте-бірте рационализация үрдісі байқалады: ысырапшылдықты

сынайтын пікірлер ақпарат құралдарында жиі айтылып, кей отбасылар шығынды азайтып, тойды шағын ауқымда өткізуге көшуде. Той индустриясының коммерциялық қысымына қарамастан, тойдың негізгі мәнін адамдар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, қуаныш пен жақсылықты бөлісу мақсатын сақтап қалу маңызды болып отыр.

Урбанизация процесі қазақтың үйлену ғұрыптарына елеулі өзгерістер енгізді. Ауылды жерлерде ғасырлар бойы қалыптасқан көп кезеңді үйлену салты (құдалықтан бастап, қыз ұзату, беташар, шаңырақ көтеру, т.б. қоса өткізілетін бірнеше күндік жиын) қазіргі қалалық өмір салтына бейімделіп, ықшамдала түсті. Зерттеушілердің байқауынша, урбанизацияланған ортада қазақтың үйлену тойы жекелеген рәсімдік циклдерге жіктеледі:

1) алдын ала құдалық (құда түсу) келісімі; 2) мүмкіндіктерге қарай қыз ұзату кешін жасау (қалада қаржысы немесе қалауы шектелгендер бұл дәстүрді кейде өткізбейді); 3) мемлекеттік неке тіркеу рәсімі және жастардың қалауынша мешітте неке қию (неке қию ғұрпы қалалық қазақтар арасында қайта жанданса да, ол жалпы той сценарийіне толық кірігіп кетпеген қосымша рәсім ретінде қалып отыр); 4) негізгі үйлену тойы (мейрамханадағы банкет, көпшілік мереке); 5) тойдан кейін күйеу жақтың құда шақыруы, киіт кигізу сияқты өзара құдаларды қонаққа шақырып, сый алмасу дәстүрі; 6) жас жұбайлардың тойдан соң қыздың туыстарына арнайы барып сәлем беруі, құдалардың қарымта шайы ішуі [8]. Урбанизация әсерімен осы аталған циклдердің барлығы бірдей сақталмай, қысқарып немесе біріктіріліп өткізілуі мүмкін. Мысалы, қала жағдайында кейде қыз ұзату тойы бөлек өткізілмей, үйлену тойының өзіне кіріктіріледі немесе мүлдем жасалмай қалуы да мүмкін екені байқалады. Бұған қалалық өмірдің қарбаластығы, уақыттың тапшылығы және шығынды үнемдеу талабы ықпал етеді. Қалалық орта үйлену дәстүрлерін жаңаша форматқа икемдеп отыр. Бұрын ауылдық жерде көптеген салт-жоралғылар (отқа май тамызу, шымылдық құру, ұрын бару, т.б.) табиғи ортада, кең аулада атқарылса, қалада олардың бірсыпырасы рәсімдік символ ретінде ғана іске асады. Мәселен, кешкі банкет басталар алдында қалыңдық пен күйеу жігіттің ата-аналарына шай беру немесе тұсау кесер секілді шағын көріністер кей тойларда сахнада көрсетіледі, бұның бәрі дәстүрдің қала жағдайында театрландырылған түрде өтетінін аңғартады. Сондай-ақ, кеңейтілген отбасының орнына шағын ядролық отбасы үлгісі басым болған соң, жаңа түскен келінді бірнеше қайынағалар мен қайын апалардың ортасына салу үрдісі бүгінде сирек. Оның орнына қалалық жастар үйленген соң көбіне жеке бөлек тұратындықтан, келіннің жаңа әулетке бейімделу кезеңі жеңілдетілген. Дегенмен, қалалық жерде де беташар рәсімі белгіленген тәртіппен өтеді, тек айырмашылығы – оны өткізетін ортаның (мейрамхананың) ерекшелігіне сай дыбыс күшейткішпен жарияланып, кейде шоу ретінде ұйымдастырылады. Қаладағы беташарды көбіне кәсіби асабалар орындап, келінге жақын туыстарын таныстырумен бірге әзіл-қалжың аралас, өлеңдетіп ақыл-насихат айту түрінде өткізу дәстүрге айналды.

Урбанизацияның тағы бір әсері – өңірлік ерекшеліктердің бәсеңдеуі. Бұрын әр облыстың, тіпті әр жүздің үйлену салтында айрықша жоралғылар көрініс тапқан (мысалы, оңтүстік өңірде қалыңмал мен жасауға баса мән беру, ал солтүстікте қыз алып қашу оқиғаларының көбірек ұшырасуы туралы этнографтар жазған). Қазір қала халқы аралас-құралас өмір сүргендіктен және некелік байланыстар өңіраралық сипат алғандықтан, той салттарында белгілі бір унификация жүруде. Әртүрлі өңірден шыққан жастар отау құрып жатқан жағдайда ортақ келісімге келіп, салттардың ортақ нұсқасын таңдайды. Мысалы, кей өңірге тән ерекше кәделер (қыздың белін шешу, күйеуді босағадан аттатпау рәсімдері т.б.) қаладағы тойларда екіншісі біле бермейтін жайтқа айналды немесе олар жай ғана ойын-сауық түрінде өткізілетін болды. Оның есесіне, барлық қазаққа ортақ негізгі ғұрыптар (құдалық, неке қию, беташар, шашу шашу, бата беру) қалалық тойлардың да басты рәсімдік қаңқасы ретінде сақталуда.

Қала жағдайында дәстүрлердің бейімделуі олардың мәнін толық жоғалтты дегенді білдірмейді. Керісінше, урбанизация дәстүрді жаңа ортаға лайықтап жаңғыртуда. Қазіргі қазақ жастары үшін заңды некені АХАЖ бөлімінде тіркетіп, артынша ақ некенді мешітте қидыру үйреншікті құбылысқа айналды. Бұл дәстүрлі мен зайырлы элементтердің қатар атқарылуының көрінісі. Сол сияқты, қалада тұрмыстық ырымдардың (отқа май құю, табалдырық аттарда босаға майлау, жаңа үйге кірерде нан қою, т.б.) біразы сақталып келеді, тек оларды орындау формасы жеңілдеген. Мысалы, жас жұбайлар жаңа пәтерге кіргенде жақын туыстарын шақырып, шағын кішігірім той-думан форматында «үй көрсетуді» өткізеді. Мұнда да үлкендердің ақ тілегі айтылып, шашу шашу дәстүрі орындалады. Осылайша, урбанизация қазақтың үйлену тойын өткізуді тұрмыстық жағынан жеңілдеткенімен, оның әлеуметтік, тәрбиелік мазмұнын басты орынға

шығарып отыр. Қалалық жас отбасы дәстүрді жаңаша контексте жалғастыру арқылы ұлттың мәдени кодын заманға сай бейімдеуде. Қоғамдық гендерлік қатынастардың өзгеруі және келін мен күйеу бейнесінің қазіргі репрезентациясы.

Қазақтың үйлену рәсімдері арқылы айқындалатын гендерлік рөлдер де соңғы онжылдықтарда едәуір өзгеріске ұшырады. Дәстүрлі қоғамда қалыңдық (келін) жаңа әулетке толық тәуелді, инабатты, мойынсұнғыш тұлға ретінде көрінетін, келінге қойылатын негізгі талап – күйеуінің туыстарына құрмет көрсету, «төмен етек» қағидатын ұстану, үлкендердің айтқанымен жүріп, бала туу, үй шаруасын алып кету еді. Ал қазіргі қазақ қоғамында келіннің мұндай толық бағынышты статусы біршама еңсерілді деп айтуға негіз бар. Зерттеушілердің айтуынша, заманауи қазақ отбасы үлгісінде келіннің еріне ғана емес, оның ата-енесіне де тәуелді болмауы, керісінше, еркін әрі достық қарым-қатынаста болуы қалыптасқан жағдайға айналды. Көптеген қала отбасыларында келін мен ене арасындағы қарым-қатынас бұрынғыдай біржақты міндеттер мен қысымға емес, өзара түсіністік пен қолдауға құрылуда. Мысалы, кейбір жанұяларда жас келіннің жұмыс істеп, қоғамдық өмірге араласуына енесі көмектесіп, бірге бала тәрбиесіне атсалысатын үрдіс бар. Мұндай өзгерістер, әрине, қоғамдағы әйелдердің білімділігі мен экономикалық белсенділігі артқан сайын заңды құбылыс болып отыр.

Гендерлік қатынастардың жұмсартуы үйлену тойы рәсімдерінен де көрінеді. Бұрын келінге беташар кезінде және одан кейінгі уақыттарда үлкендерге иіліп сәлем салу, әр таң сайын ата-енесіне сәлем беру, өзінен жасы үлкеннің атын атамау секілді бұлжымасты талаптар қойылатын. Қазір бұл жоралғылар сақталғанымен, көбіне символикалық сипатта орындалады. Беташар рәсімі барысында келіннің көпшілікке ізет етіп сәлем жасауы – құрмет белгісі ретінде ғана түсіндіріліп, кейін күнделікті өмірде жас келіннің әрқайсына жеке сәлем етуі қадағалана бермейді. Кей өңірлерде беташардан соң келіннің басына жаулық салу дәстүрі бар, бұл – оның жаңа отбасындағы мәртебесін мойындаудың нышаны. Қазіргі кезде жастар жаулығын да тек рәсім барысында тағып, кейін қоғам алдында еуропалық стильдегі ақ фата немесе сәнді орамал тағумен шектеледі. Сондай-ақ, келінге қатысты бұрынғы кей тыйымдар (мысалы, қатты күлмеу, жоғары сөйлему, ерімен көпшіліктің алдында қатар тұрмау тәрізді) қазір ұмыт болған немесе мән-маңызы өзгерген. Жас жұбайлар тойда және одан кейін де еркін түрде қатар тұрып билейді, бірге қонақтарға барып, қоғам өміріне бірлікте араласады. Бұл – ерлі-зайыптылар арасындағы теңдік пен серіктестіктің күшейгенінің айғағы. Неке – екі жастың өзара таңдауы деген ұстаным берік орнығып, қазіргі ата-аналар да ұл-қыздарының өмірлік серігін өз қалауы бойынша таңдауын құрметтеуге тырысуда. Социологиялық деректер жастардың басым бөлігі үшін үйленуде ата-ана қысымынан гөрі өздерінің сезімі мен келісімі шешуші рөл атқаратынын көрсетеді. Яғни, қазақ қоғамында гендерлік қатынастар біртіндеп демократияланып, әйел мен ердің некедегі орны теңесті деуге болады [8].

Күйеу жігіттің бейнесіне келсек, дәстүрлі ортада күйеу көбіне салт бойынша белсенді рөл атқармайтын (той ісін негізінен ауыл-аймақ үлкендері атқаратын, күйеу жігіт кей өңірде жеке «күйеу жолдастармен» ойындарға ғана қатысатын). Қазір күйеу жігіт те қалыңдықпен бірге тойдың орталық фигурасына айналды: ол қалыңдықпен бірге би билеп, бірге торт кеседі, бірге қонақтарды қарсы алады. Қазақ тойында бұрын болмаған көңіл көтеру элементтері: алғашқы вальс, Love Story бейнероликтер, фотосессиялар – екі жасқа тең дәрежеде қатысты жаңа дәстүрлер. Бұл да гендерлік теңдік әсерінен туындаған өзгеріс деп түсінуге болады. Сонымен бірге, ер азаматқа жүктелетін дәстүрлі міндет – отбасы қамы, қалыңмал төлеп құда түсу – қазіргі заманда кейбір трансформацияға ұшыраса да, толық жойылған жоқ. Жоғарыда айтылғандай, қалыңмал беру кей отбасыларда әлі бар, бірақ оның мәні мен форматы бұрынғыдан өзгерген (кейде ақшалай не бағалы сыйлық түрінде келісілген сомада беріледі). Ал көп жастар үшін ресми некеге отыру алдындағы басты шарт – тұрақты жұмыс пен баспана немесе материалдық негіздің болуы. Яғни, күйеу жігіттің қазіргі бейнесі жауапкершілікті, белгілі бір дәрежеде дәулетті (немесе соған ұмтылатын), сонымен қатар жарымен тең серіктес болуға даяр азамат ретінде қалыптасты.

Қоғамдағы гендерлік сананың артуы кейбір көне дәстүрлерге сын көзбен қарауға алып келді. Соның бірі – қыз алып қашу дәстүрі. Бұрын ғашықтардың қашып үйленуі немесе жігіттің келісіміз қыз алып қашуы кей өңірде қалыптасқан құбылыс саналса, қазіргі жастардың басым көпшілігі оны айыптайды. 2025 жылғы сауалнамада қазақтардың 71,1%-ы қыз алып қашу әдетін құптамайтынын ашық айтқан [8].

Бұл – бүгінгі қоғамда әйелдің таңдау еркіндігі мен құқығы мойындалатындығының айқын белгісі. Дегенмен, кейбір ауылды жерлерде қызды өз келісімімен алып қашып, соңынан екі жаққа «беделге нұқсан келтірмеу» үшін оны дәстүрлі алып қашу ретінде көрсететін жайттар кездесетіні этнографиялық сұхбаттарда айтылады. Мұның өзі гендерлік стереотиптердің толық жойылмағанын көрсеткенімен, жалпыұлттық деңгейде қыз зорлықпен алып қашуға тосқауыл қойылып, заң жүзінде жауапкершілікке тарту күшейгені мәлім.

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ үйлену тойында әйел мен ердің рөлдік бейнесі дәстүрлі калпынан жаңа заманға сай бейімделіп отыр. Келін образы бұрынғыдай бағынышты кейіпте емес, жаңа отбасын тең құқылы мүшесі, тіпті кей жағдайда карьерасы мен өзіндік мақсаттары бар жеке тұлға ретінде танылуда. Күйеу жігіт те отбасының жалғыз әміршісі емес, жанұядағы міндеттерді жұбайымен бөлісетін жаңа рөлді қабылдауда. Әрине, бұл өзгерістер біркелкі емес: ауылдық, консервативті ортада ене мен келін қатынасына дәстүрлі көзқарас сақталуы мүмкін, алайда жалпы тенденция – гендерлік қатынастардың неке мен той дәстүрлерінде эгалитарлық сипат алуы.

Ақпараттық технологиялар дәуірінде қазақтың үйлену салтына цифрлық медианың тигізген ықпалы орасан. Ең алдымен, әлеуметтік желілер (Facebook, Instagram, TikTok және т.б.) қазіргі жастардың үйленуге дайындық үлгісін түбегейлі өзгертті. Бұрын тойға әзірліктің басты көзі отбасылық тәжірибе мен жақындардың кеңесі болса, қазір жас жұбайлар Instagram мен басқа да платформалар арқылы әлемнің түкпір-түкпіріндегі wedding-трендтерді көріп, соған ұмтылады. Мысалы, Instagram-дағы танымал той парақшалары дастарханды қалай сәндеуден бастап, қалыңдық гүл шоғын безендіруге дейінгі идеяларды ұсынады. Қазақ жастары осыны көріп, өз тойларын сол үлгіде ұйымдастыруға тырысады. Нәтижесінде, соңғы жылдары той дизайнында жаңа элементтер пайда болды: түрлі-түсті жарық инсталляциялары, фотозоналар, ерекше торттар және т.б. Бұрынғы дәстүрлі дастархан мәзірін қазір сәнді кәнді-барлар мен заманауи тәттілер толықтырды. Яғни, визуалды мәдениеттің ықпалымен той форматы эстетикалық шоуға жақындады деуге болады [8].

Цифрлық медианың тағы бір әсері – тойдың қоғамдық көрінісі бұрынғыдан кең ауқымда тарайтын болды. Егер бұрын той естеліктері отбасылық фотоальбоммен шектелсе, қазіргі кезде әрбір тойдың кәсіби фотосуреттері мен бейнебаяны дайындалып, оларды интернетке жүктеу қалыпты жағдай. Instagram, Facebook желілерінде жаңа түскен келіндер мен күйеу жігіттердің арнайы хештегпен неке суреттерін жариялауы, TikTok-та тойдағы ерекше сәттерді (мысалы, алғашқы биді, флешмобты, қызықты ойындар сәтін) клип етіп бөлісуі кең таралған. Бұл өз кезегінде той мәдениетіне жаңа талаптар қояды: әр отбасы өз тойының керемет өткенін, есте қаларлық болғанын қалайды, өйткені ол онлайн кеңістікке шығып, көптің талқысына түсуі мүмкін. Осылайша, той тек отбасы үшін емес, онлайн аудитория үшін де қойылымға айналады. Мұндай жағдай кейде шығынның артуына себеп болады – жастар тойды өзгелерден ерекше қылып, вирустанатын контент жасау үшін қосымша шоу элементтер қосады (мысалы, лазерлік шоу, әуе акробаттарының өнері, флешмоб-бимен кіру және т.б.).

Сонымен қатар, цифрлық коммуникация некелесудің алдын ала кезеңдеріне де әсер етті. Бүгінде көптеген жас жұптар әлеуметтік желі, танысу қосымшалары арқылы танысып, өздері шешім қабылдап үйленуде.

Қорытынды

Жалпы алғанда, қазіргі қазақ қоғамында үйлену тойының салт-дәстүрлері тарихи дәстүр мен жаңғыру үрдісінің қиылысында тұр. Материалдық жағдай жақсарған сайын кейбір рәсімдердің сән-салтанаты артып, басқалары жай формасын ғана сақтап қалған. Алайда отбасылық институттың маңыздылығы мен құндылығы барынша әулет үшін зор мақтанышпен атап өтіледі. Ежелгі салт-дәстүрлер – құдалық, бата, беташар – бүгінгі тойда да рухани сабақ ретінде сақталып келеді. Зерттеу нәтижелері бойынша, Қазақстанның өңірлерінде той өткізудің бір-бірінен айырмашылығы болғанымен, олар арасында ортақ ұлттық код бар екені байқалады.

Қазақ тойы – ұлттың дәстүрлі өмір салтының айнасы, ол тарихи кезеңдер бойы күрделі өзгерістер мен трансформацияларға ұшыраса да, өз құндылықтарын сақтап келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Аргынбаев Х. Свадьба и свадебные обряды у казахов в прошлом и настоящем // Советская этнография. – 1974. — Т. 6. — С. 68-77.
- 2 Аргынбаев Х.А. Қазақ отбасы. — Алматы, 1996. — 251 б.

3 Қазақ салт-дәстүрлері / құраст. Ә. Тауұлы — Алматы, 2017. — 383 б.

4 Хабижанова Г.Б. Түркі-славян әлемі этнотарихи және социомәдени диалогтың үлгісі ретінде. Монография. — Алматы, 2017. — 250 б.

5 Свадебные традиции казахов Омского Прииртышья // Государственный центр народного творчества Омской области. [Электронный ресурс] — URL: <https://omsk-gcnt.ru/> (дата обращения 20.07.2025)

6 Мухан А.Ж. Свадебный обрядовый фольклор в современном казахском языке Общество: жанровая природа, историческая эволюция и трансформация. Автореферат дисс-и на соискание ученой степени PhD по образовательной программе «8D02304 – филология». [Электронный ресурс] — URL: <https://zhubanov.edu.kz/> (дата обращения 20.07.2025)

7 Shaigozova Zh.N., Ibragimov A.I. The motive of the symbolic «death» and «resurrection» of the bride in the kazakh betashar wedding ritual: tradition and modernity. ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. — №4 (86) — 2023.

8 Ахметкали А. Казахские семьи сохраняют брачные традиции, в то время как дорогостоящие свадьбы теряют привлекательность, показывают исследования. [Электронный ресурс] — URL: <https://astanatimes.com/> (дата обращения 15.01.2025)

9 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т.5. — Алматы, 2014. — 840 б.

СОЦИАЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ И РИТУАЛЬНАЯ СТРУКТУРА СВАДЬБЫ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ: ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ И РАЗЛОЖЕНИЕ ТРАДИЦИОННЫХ ИНСТИТУТОВ

Аннотация

Среди наиболее значимых вопросов, занимающих важное место в жизни казахского общества, особое место занимают различные формы торжеств, в том числе свадебные обряды. Известно, что в прошлые века свадьбы основывались на казахских традициях и обычаях. Однако с течением времени в ходе общественного развития данные обряды закономерно подвергались изменениям. Целью исследования является всестороннее раскрытие причинно-следственных связей, обусловивших трансформацию традиционной свадебной обрядности, а также выявление основных направлений её изменений. В статье анализируются процессы сохранения и трансформации традиционных институтов (сватовство, кәде, клятвенные договоры, благословение, беташар и др.), связанных с социальной значимостью и ритуальной структурой современной казахской свадьбы. Посредством такого анализа выявляются различия и особенности свадебной обрядности в прошлом и настоящем. В представленном исследовании рассматриваются самобытные традиции, сложившиеся на протяжении веков в различных регионах Республики Казахстан, в историко-сравнительном и структурно-функциональном аспектах. Особое внимание уделяется изменениям советского периода и лет независимости, а также их причинам и последствиям; обосновывается влияние урбанизации, медиа и религиозных факторов на современные свадебные церемонии. В исследовании всесторонне анализируется трансформация таких традиционных институтов, как сватовство, калым, благословение, беташар, начиная с древних обрядов и заканчивая современными свадебными ритуалами во дворцах бракосочетания и мечетях.

Ключевые слова: казахские свадебные обычаи, сватовство, традиции и обновление, бата, беташар.

THE SOCIAL SIGNIFICANCE AND RITUAL STRUCTURE OF WEDDINGS IN CONTEMPORARY KAZAKH SOCIETY: CONTINUITY AND TRANSFORMATION OF TRADITIONAL INSTITUTIONS

Abstract

Among the most significant issues that occupy a central place in Kazakh society are various types of celebrations, including wedding ceremonies. It is well known that in past centuries weddings were based on Kazakh traditions and customs. However, over time, as social development progressed, these practices naturally changed. The purpose of the study is a comprehensive disclosure of the cause-and-effect relationships that led to the transformation of the traditional wedding ceremony, as well as the identification of the main directions of its changes. The article analyses the processes of preservation and transformation of traditional institutions (matchmaking, kade, oath-taking, blessings, betashar, etc.) in relation to the social significance and ritual structure of the contemporary Kazakh wedding. Through this analysis, the differences and specific features of wedding practices in the past and present are identified. The presented study examines the distinctive traditions that have developed over centuries in different regions of the Republic of Kazakhstan, within historical-comparative and structural-functional frameworks. Particular attention is given to the transformations of the Soviet period and the years of independence, along with their causes and consequences. The influence of urbanization, media, and religious factors on modern wedding ceremonies is

Қазіргі қазақ қоғамындағы үйлену тойының әлеуметтік мәні мен ритуалдық құрылымы: дәстүрлі институттардың жалғастығы мен ыдырауы

substantiated. The research provides a comprehensive analysis of the transformation of such traditional institutions as matchmaking, kalym (bride price), blessings, and betashar, tracing their evolution from ancient rituals to contemporary wedding practices in marriage palaces and mosques.

Keywords: Kazakh wedding traditions, qudalyq, tradition and renewal, bata, betashar.

REFERENCES

- 1 Argyubaev H. Svadba i svadebnye obryady u kazakhov v proshlom i nastoiashhem. [Kazakh weddings and wedding rituals: past and present]. Sovetskaya etnografiya. — 1974. — Т. 6. — 68-77 s. [in Russian]
- 2 Arğynbaev H.A. Qazaq otbasy[Kazakh family]. — Almaty, 1996. — B. 251. [in Kazakh]
- 3 Qazaq salt-dästürleri [Kazakh customs and traditions]/ qūrast. Ä. Tauūly — Almaty, 2017. — B. 383. [in Kazakh]
- 4 Habijanov G.B. Türkı-slavyan älemi etnotarihi jäne sosiomädeni dialogtyñ ülgısı retinde[The Turkic-Slavic world as a model of ethnohistorical and sociocultural dialogue]. Monografiya. — Almaty, 2017. — B. 250 [in Kazakh]
- 5 Svadebnye tradicii kazahov Omskogo Priirtysä.[Wedding traditions of the Kazakhs of the Omsk Irtysh region] Gosudarstvennyi sentr narodnogo tvorchestva Omskoi oblasti. [Elektronдық resurs] – URL: <https://omsk-gcnt.ru/> (qaralu uaqyty: 20.07.2025) [in Russian]
- 6 Muhan A.J. Svadebnyi obryadovyi folklor v sovremennom kazashskom yazıke Obshestvo: janrovaia priroda, istoricheskaia evolüsia i transformasia[Wedding ritual folklore in the modern Kazakh language Society: genre nature, historical evolution and transformation]. Avtoreferat diss-i na soiskanie uchenoi stepeni PhD po obrazovatelnoi programe «8D02304 – filologiya». [Elektronдық resurs] — URL: <https://zhubanov.edu.kz/> (qaralu uaqyty: 20.07.2025) [in Russian]
- 7 Shaigozova Zh.N., Ibragimov A.I. The motive of the symbolic «death» and «resurrection» of the bride in the kazakh betashar wedding ritual: tradition and modernity. (2023) Kaznu Bulletin. Philosophy, cultural studies, political science series. — Vol. 4 (86) [in English]
- 8 Ahmetkali A. Kazahskie semi sohranyayut brachnye traditsii, v to vremya kak dorogostoiashhie svadby teryayut privilekatelnost, pokazyvayut issledovaniya.[Kazakh families are preserving their marriage traditions, while expensive weddings are losing their appeal, research shows]. [Elektronдық resurs] — URL: <https://astanatimes.com/> (qaralu uaqyty: 15.01.2025) [in Russian]
- 9 Qazaqtyñ etnografiyalıq kategorialar, üğymdar men ataularynyñ дәstürli jüiesi[Traditional Kazakh system of ethnographic categories, concepts and names]. Ensiklopediya. T.5. — Almaty: 2014. — B. 840 [in Kazakh]

Information about authors:

Dinara Ismagulova - **corresponding author**, doctoral student of the Department of Archeology and Ethnology L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: dinara-muratovna@inbox.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-9547-9470>

Uzabkay Ismagulov – Doctor of Historical Sciences, Professor, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Republic of Kazakhstan.

E-mail: uzakbai_is@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0587-8982>

Zylikha Ibadullaeva - Candidate of Historical Sciences, associate professor, Eurasian National University named after L. N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan.

E-mail: ibadullaeva.72@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7261-8171>

Информация об авторах:

Динара Исмагулова – **основной автор**, докторант кафедры Археологии и этнологии Евразийского национального университета им.Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: dinara-muratovna@inbox.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-9547-9470>

Узакбай Исмагулов - доктор исторических наук, профессор кафедры «История и религиоведения» АРУ им. К.Жубанова, г.Актобе, Республика Казахстан

E-mail: uzakbai_is@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0587-8982>

Злиха Ибадуллаева, кандидат исторических наук, доцент, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Республика Казахстан.

E-mail: ibadullaeva.72@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7261-8171>

Авторлар туралы ақпарат:

Динара Исмагулова - **негізгі автор**, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Археология және этнология» кафедрасының докторанты, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: dinara-muratovna@inbox.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-9547-9470>

Ұзақбай Исмагулов - тарих ғылымдарының докторы, «Тарих және дінтану» кафедрасының
профессоры, Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: uzakbai_is@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0587-8982>

Зылиха Ибадуллаева – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: ibadullaeva.72@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7261-8171>